

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық серия**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№2 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**

выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/SKTF9148>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/NYIV6474>

## **\*Ұ. Сәменқызы, Р. С. Тұрысбек**

Л. Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

\*e-mail: [ulpan.samenkyzy@mail.ru](mailto:ulpan.samenkyzy@mail.ru)

## **ҒҰМЫРНАМАЛЫҚ РОМАН ТАБИҒАТЫ ЖӘНЕ ТҰЛҒА КОНЦЕПЦИЯСЫ**

*Тәуелсіздік кезеңде ғұмырнамалық романдар кеңінен жазыла бастады. Оның басты себебі қызыл цензураның жойылып, шығармашылық еркіндікке жол ашылды. Қ. Жұмаділовтің «Таңғажайып дүние» атты мемуарлық романы – оқырман сұранысына ие болған, қазақ мемуаристикасын жаңа белеске көтерген сондай туындылардың бірі. Мемуаристика тарихы мен классификациясы, жанрлық жүйеленуінің теориялық мәселелері, тілдік-стильдік ерекшелігі, «шекаралық» жанрларға (эсселер, өмірбаяндар, естеліктер, күнделіктер) қатыстылығы мен трансформациялануы, терминологиясы мен талдау әдістері әдебиеттану ғылымында біршама зерттелді. Мақалада ғұмырнамалық романның табиғаты мен образдардың жасалуы ерекшелігі, тұлға концепциясы арнайы қарастырылды. Романдағы басты тұлға – автор. Ол – жасай баяндаушы емес, бүкіл шығарманың құрылымын түзуші, оқиғадан оқиға орбитуші суреткер-жазушы, шығармашылық иесі. Ғұмырнамалық туындыда автор өмірінің екі ірі кезеңі көрініс берген. Біріншісі – Қытайдағы қазақтың тұрмыс-тіршілігі болса, екіншісі – елге оралғаннан кейінгі жазушылықпен белсенді араласқан уақыты. Екі негізгі желі – автордың бүкіл өмірін, күрес жолын, мақсат-мұратын қамтыған. Қытай жеріндегі қазақ жұртының тұрмыс-тіршілігін, басына түскен ауырпалығын боямасыз бейнелеп, бүгінгі ұрпаққа аманаттау – басты авторлық концепцияға айналған. Туындының екінші маңызды сипаты – автордың шығармашылық лабораториясының, өзі өмір кешкен жазушылық ортасының суреттелуі. Шығармашылық жолындағы жанкешті еңбегі, қайсарлығы оқырманды бейтарап қалдырмайды. Тұлға концепциясы – қарапайым да қайсар мінезді, адал жүректі ұлттық болмыс мадақталады. Мақалада биографиялық,*

*тарихи-әлеуметтік, құрылымдық-сипаттамалық, герменевтикалық, психоаналитикалық әдіс-тәсілдер қолданылды.*

*Кілтті сөздер: Ғұмырнамалық туынды, автор бейнесі, уақыт шындығы, авторлық көзқарас, стиль.*

## **Кіріспе**

Мемуарлық шығарманың өзіндік жанрлық ерекшелігі болады. Мұндағы басты қаһарман – автор. Автордың өзінің басынан өткерген, немесе куәгерлерден белгілі болған оқиғалар шығарма арқауы болады. Оқиғаның шынайылығы мен деректілігі – мемуарлық туындыларға қойылатын басты талаптардың бірі. Дегенмен ғұмырнамалық туындыда автордың өмірбаян дерегінің молдығы шешуші роль атқарады. Сонымен қатар заманауи оқиғалардың бейнеленуі субъективтілігімен ерекшеленеді. Осы тұста автор концепциясының маңызы көрінеді. Туындының бүкіл тақырыптық-идеялық мазмұнында, құрылымында автор концепциясы маңызды орын алады. Мақалада ҚР мемлекеттік сыйлығының лауреаты, жазушы Қабдеш Жұмаділовтің «Таңғажайып дүние» ғұмырнамалық романының табиғаты және тұлға концепциясы арнайы қарастырылады.

Әлемдік және отандық әдебиеттану ғылымында мемуарлық шығарманың спецификалық ерекшелігіне қатысты көптеген теориялық зерттеу еңбектері жазылды. А. Е. Чекунованың [1], А. Г. Тартаковскийдің [2], Л. Я. Гараниннің [3], Н. Б. Ақыштың [4], тағы басқа зерттеушілердің еңбектерінде мемуаристикасының тарихы, мемуарлық әдебиеттің классификациясы мен ішкі жүйеленуінің теориялық мәселелері, тілдік-стильдік ерекшелігі, «шекаралық» жанрларға (эсселер, өмірбаяндар, естеліктер, күнделіктер) қатыстылығы, жанрлар жүйесінің трансформациялануы, терминологиясы мен талдау әдістері зерттеу нысанына алынған. Осы және өзге де зерттеулер теориялық-әдіснамалық басшылыққа алынғанмен, жеке туындыны арнайы зерттеу объектісіне алу артықшылығы бар. Қ. Жұмаділовтің «Таңғажайып дүние» атты мемуарлық романы Тәуелсіздік кезең әдебиетіндегі қазақ мемуаристикасының үлкен жетістігі болды. Жанрдың талаптарына жауап беретін шығарма қазіргі мемуарлық және көркем әдебиеттің дамуы, арақатысы туралы теориялық тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

## **Материалдар мен әдістері**

Мақалада Қ. Жұмаділовтің «Таңғажайып дүние» ғұмырнамалық романы және кеңестік дәуірде жазылған басқа мемуарлық шығармалар алынып, концепциялық өзгешеліктер салыстырылды. Биографиялық, тарихи-әлеуметтік, құрылымдық-сипаттамалық, герменевтикалық, психоаналитикалық, кешенді әдіс-тәсілдер қолданылды.

## Нәтижелер және талқылау

Мемуарлық шығарманың жанрлық мәселесіне қатысты көптеген сұрақтар бар. Ю. Н. Мажарина «Мемуары как вид публицистического творчества» атты мақаласында ғұмырнамалық туындыны публицистикалық жанрға жатқызады. Онда ол фактілердің, тұлғалардың, оқиғалардың, құбылыстардың бірегейлігін баяндайтын автор екенін, сол арқылы өмірдің жалпы заңдылықтары ашылатын алға тартады [5, 199-б.].

Автор тұжырымында белгілі бір тұрғыда шындық болғанмен, зерттеу объектісіне алынып отырған Қ. Жұмаділовтің «Таңғажайып дүние» туындысын публицистикалық жанрға жатқызуға бола ма? «Таңғажайып дүние» публицистика жанрына сыймайды. Мұндағы суреттелетін өмір ауқымы кең. Бүкіл сюжеттік желі автордың тікелей өз қатысымен, басынан өткеруімен байланысты болса да, дәуір шындығын, адамдардың іс-әрекеті мен мінез-қылығын суреттеуде автор еркін, кей тұста шығармашылық қиялға ерік береді. Әсіресе, ерекше құштарлық ой-сезімімен берілетін сағынышқа айналған атамекен көріністерін, дүниеден өтіп кеткен әр алуан ғажап мінезді ел адамдарын жазушы шындық ауқымынан шығып кетпей, лирикалық-романтикалық мәнермен төгілте, асқақтата суреттейді. Туындыда публицистикаға тән қасаңдық жоқ. Сондықтан да Қ. Жұмаділовтің «Таңғажайып дүние» туындысы – мемуарлық жанр мен көркем әдебиеттің бейнелеу принциптерін шығармашылықпен біріктірген деректі, тарихи, өмірбаяндық шығарма саналады. PhD А. Б. Жолмаханова мен профессор Х. Ч. Касапогрудың «Мемуардың жанрлық ерекшелігі» атты мақаласында [6, 193-б.] осы айырмашылық, өзіндік ерекшеліктер нақты мысалдармен айтылған.

«Таңғажайып дүние» – тәуелсіздік кезең жемісі. Автор концепциясы да тәуелсіздік кезең шындығымен орныққан. Жазушы қазақ әдебиетінде ғұмырнамалық шығармалар көп еместігін, кеңес дәуірінде бұл жанрға екінің бірі бара алмағанын айтады. Оның себебі, мемуардың бұра тартуға келмейтін, жаныңнан өтірік қосуға болмайтын, таза фактіні ғана пір тұтатын өз заңы бар. Ең бастысы, мемуар жазу үшін, сенің өмірінде қоғам өмірімен астасып жатқан маңызды оқиғалар, кейінгі ұрпақ үлгі алатын өнегелі істер болуы керек [7, 5-б.]. Автор концепциясы – нық. Өз ғұмырының шындығын, өзі араласқан заман, қоғам бейнесінің ақиқатын жазу басты суреткерлік мұратына айналған. Ал шындықты қаз қалпында жазу жеңіл емес. Шындықты жаздым, айттым дегенде де, мемуарлық туындыда автордың субъективтік көзқарасы басым жатады. Академик С. Қирабаев шындық табиғатының қашан да екі жақты екендігі туралы айтады [8, 123-б.]. Қазақ әдебиетінің алыптары С. Сейфуллин, С. Мұқанов өз дәуірінде шындықты жазбадым деген жоқ. Айта алмаған, билік айтқызбаған шындықтардың барын білді. Бірақ қазіргі

Тәуелсіздік кезең уақытымен қарағанда, авторлардың шамам келгенше, шындықты айттым дегені – С. Қирабаевтың жазғанындай, екі жақты шындық болатын. Саяси таптық көзқарасқа құрылған шығармадағы шындықтың біржақтылығы бүгінде айқын танылып отыр. Дегенмен қазақ әдебиетінің алып тұлғаларының мемуарлық туындылары екінші жағынан маңызын жойған жоқ. Тарих үшін құнды. XX ғасырдың 20–30 жылдары Сталин заманында қазақ халқы қандай саяси жағдайды және психологиялық ахуалды басынан өткерді деген сұраққа жауап береді. Тәуелсіздік кезеңде жазылған Қ. Жұмаділовтің мемуарлық романының құндылығы – өткен тарихи кезендерге қазіргі еркін ойлы, ұлттық көзқараспен келуі. Шығармадағы бүкіл авторлық концепция осыған құрылған.

Дэвид Лодж «Сана және роман» еңбегінде әдебиеттің адам санасы шежіресінің ең ауқымдысы екендігін жазады. Роман жеке адамдардың кеңістік пен уақыт арқылы қозғалған кездегі тәжірибесін суреттеудегі ең сәтті адам әрекеті деп баға береді. Автор өз өмірінің бай шежіресін суреттеу арқылы дәуір шындығын алға тосатынын айтады [9, 254-б.]. Оқырманға жақсы таныс емес Шыңжан, Тарбағатай қазақтарының көшпелі тұрмысы, әдет-ғұрыптары, жер-су атаулары, туған жер табиғатының қайталанбас көріністері, адамдар психологиясы мен әр алуандығы Қ. Жұмаділов романының танымдық-эстетикалық бағасын көтерген.

Н. Ақш мемуарлық роман жанрын тақырыптық, эпопеялық, өрнектік, монологтық, естеліктік, шежірелік деп жіктейді [4, 4-б.]. Қ. Жұмаділовтың «Таңғажайып дүние» туындысы, сөз жоқ, көлемі, мазмұн байлығы, көркемдігі мен жазылу стилі тұрғысынан эпопеялық мемуарлық романға жатады.

В. Шаламовтың прозасын қарастырған И. Некрасова мемуарлық туындыдағы үш «меннің» бірлігіне мән береді. Біріншісі – оқиға арқауына негіз болған өмірбаяндық автор, екіншісі – концептуалды – бүгінгі, шығармашылық, автор-жасаушы, үшіншісі – автор-баяндаушы. Осы үш «мен» ғұмырнамалық шығармада бірде ажырап, бірде тоғысып, мемуарлық баяндаудың «тынысын» түзеді [10]. Шығармашылық үдерісті жазушы Ә. Тарази шынайы туындыда автордың жаны сезіліп, шымырлап тұруы керектігімен нақтылай түседі [11, 8-б.]. Ғұмырнамалық романның даралық сипаты автор ашық форматта танылады. Туындыда ол оқиғаның бел ортасындағы басты персонаж ғана емес, оқиғаға көзқарасы мен қатысын да айқын аңғартып отырады. Дәстүрлі романда кейіпкер-автор жымдасып, кейіпкер бірінші планда көрінсе, ғұмырнамалық туындыда керісінше автор-кейіпкер бірігіп, автор алдыңғы кезекке, жетекші орынға шығады. Әдебиеттанушы В. Е. Хализев автордың субъективтілігі үнемі жаңарып, шығармадағы қатысу формалары алуан түрлі болатынын білдіреді [12, 63-б.] «Таңғажайып дүниеде» осы жанрлық ерекшелік сақталынған.

Жазушының ішкі қайсарлығы, алдына айқын мақсат қоюы, шындық дегенде, бетің бар, жүзін бар демей өткір сөйлеуі, халықтың мұң-мұқтажына жастайынан араласып, қайраткер дәрежесін дейін көтерілуі, шығармашылық жолына бүкіл қажыр-қайратын жұмсауы, жолының жеңіл болмай, түрлі қиындықтарға кез болуы – туындыдағы автор образы танылатын сюжеттік байланыстар саналады.

Ғұмырнамалық романда сюжетті өрбітуші басты тұлға – автор. Суреттеу объектісіне қатысты шындықты сезініп-түйсінуде оның орнын басқа ешкім ауыстара алмайды. Екінші сөзбен айтсақ, өмірде оның басынан кешкен жағдайларды, қоғамдық-әлеуметтік қақтығыстарды, тарихтың қатпар шындығын – роман объектісін өзінен артық ешкім білмейді.

Автор-суреткер туындының композициясында да көрінеді. Көлемді туынды бөлімдерінің «Ұшқан ұя», «Қыран қия», «Алматы аспанында», «Жайылған тор», «Қанат талды», «Түлеу», «Самғау», «Тоят» деп аталуы құрылымдық тұтастықты ғана айшықтамайды, автордың поэтикалық танымын айқындайды. Шығарманың атын қою да шеберлікті талап етеді. Романның «Таңғажайып дүние» деп аталуы да сәтті шыққан. Тіршілік – қуаныш-қайғысымен, күрес-тартысымен таңғажайып [7, 8-9-б.].

Роман оқырманын тек сюжет құрылыммен, кейіпкердің орны, лингвистикалық және формалді аспектілерді түсінумен шектемей, ол сонымен қатар жаңа перспективаларға жету үшін психологиялық, әлеуметтік, тарихи және философиялық түрде жаңа таным-түсінікке жол ашады [9, 254-б.]. «Таңғажайып дүние» романында да автор оқырманға бұрын етене таныс емес жаңа әлем есігін ашқан. Ол, біріншіден, Қытай мемлекетіндегі атажұртында өмір кешіп жатқан жартылай көшпелі байырғы қазақтың тұрмыс-тіршілігі болса, екіншіден, өктем саясат шырғалаңы.

Академик Р. Нұрғали тақырып таңдау жазушы үшін кездейсоқ нәрсе еместігін, бар ықылас, бар пейіл объектіге ауып, материалды екшеп, даралап, оған қан құйып, тіл беріп, соның үстінен табылу екенін айтады. Жадырай алатын, ашулана алатын, егіле алатын, күресе алатын, күлетін, қуанатын, зарланатын, бекінетін, толқитын адамды көрсету – қызық та қиын шығармашылық үдеріс екенін жазады [13, 418-б.]. Автор осы шығармашылық үдерісті бастан кешкен. «Таңғажайып дүние» жазушының айтылмай қалуы мүмкін емес шындығы болатын.

Мінездеу автор атымен берілген. Жазушының анасын суреттеудегі «индивидуалды деталь оның ұдайы сипатына айналып» [14, 173-б.] романның кейінгі эпизодтарында толығымен түседі. Оның еңбекқорлығы мен бір әулеттің ұйтқысы болған қайраты, әсіресе, Қытай билігінің ылаңы күшейгенде анық танылады. Баласының тілекшісі ғана емес, қолдаушысына айналады. Ел мәселесіне араласқан Жұмаділ образы кейінгі эпизодтарда ашыла түскен.

Ауыл адамдары арасындағы бауырмалдық пен дәстүр-салттың сақталуы, туған жерге деген сүйіспеншілік, ел ішінен шыққан үкірдай мен ауыл ақсақалдарының ел-жер қамын ойлауы романда тұтас желі болып тартылған.

Мемуарлық романдағы әр алуан образдар автордың шебер әңгімелеуімен, еске алуымен жасалып, ерекше мінез-қылықтарымен сипатталады. Автор жетекші рөл атқарғанмен, қыр адамының табиғи, шынайы суреттелуіне ден қояды. Ел іші ойын-күлкіге толы. Өткір әзіл-қалжыңды көтере білу де өнер. Әсіресе, бұған қазақ халқы жүйрік. Жезде мен балдыз, нағашылы-жиен арасындағы әзіл-қалжың романда кейде арнасынан асып, бүкіл елдің есінде қалатындай күлкілі оқиғаға ұласып жатады. Оны ешкім соншалықты әбес көрмейді. Қайта қызықтап, айта-айта жүреді. Шығармадағы «жынды Шәкен» әңгімесі – соның көрінісі.

Ер мінезді келіншектер мен «жынды Шәкеннің» әрекеті – қазақы ауыл ортасына сыйымды. Эпизодтан еркін ойлы қазақ әйелдерінің кейпі танылады. Ашық мінезді, ер көңілді қазақ әйелдерінің ел шетіне жау келсе, атқа мініп, қолына найзасын алып дұшпанына аттануының түп негізі осы еркіндікте жатса керек. Әзіл-қалжың, еркіндік, ашық мінез – әдептен аспаған қазақ әйелдерінің ерке болмысы. Автор халықтың ешкімге ұқсамайтын болмысын шығармаға ыңғайымен енгізген.

Сондай қызықтың бірі – Мұғи оқиғасы. Төртуыл жігіттерінің оған жезде ретінде істемегені жоқ. Бірақ оларға Мұғи да есесін жібермейді. Қазақы мінез көріністері мен өткір әзіл-қалжың, адам ойына келе қоймайтын тосын ойын, тапқырлық, қуақылық – бір жағы күліп, бір жағы қызығып оқитын эпизодтар.

Балдыздарын «жер қаптырған» Мұғи жазушыға ыстық, етене жақын. Өйткені ол атасы Күдерінің есте сақталынып өлеңдерін айтады. Тұмса табиғат аясында өскен қазақ жұртының дарқан мінезі, кеңпейіл көңілі танылады. Қай әңгіме болмасын орта көрінісімен, жер-су аттарымен баяндалады. «Төртуыл жігіттері», «Үйген құмның тұсында», «Нұраның тұмсығы», «Тікенектің ағынында отырған» деп келетін ұғымдар автор үшін киелі де қымбат.

Романдағы Қытай билігі тарапынан қыспаққа түскен қазақ оқыған азаматтарының «ашылып-сайрау» саясатында көрген зорлық-зомбылықтары аяныш тудырады. Талай тағдыр тас-талқан болып бұзылады. Көптеген жазықсыз жандар түзету лагеріне жіберіліп, атылып кетеді. «Ашылып-сайрау» саясаты елдегі сталиндік репрессия жылдарын еске түсіреді. Сайтан саясаттың «түрткісімен» бірін-бірі әшкерелеп, сұрақтың астына алған – ұйғыр, қазақтың оқыған азаматтары. Бүгін бірі ортаға түссе, ертең екіншісі талқыға алынады. Бірін-біріне айдап салған аласапыран дүние. Алматыда студент болып, елге келген автор да бұл науқаннан тыс қалмайды. Мемуарлық шығарманың бұл тұстарынан оқырман жанының



қиналып, ызаланып отырып оқитын сюжеттік желілер, әр алуан тағдырлар көрінісі, құбылған мінез, сатқындық бейнеленеді.

Шығармадағы автордың еске алуымен баяндалатын Гүлбану бейнесі әсерлі шыққан. Таза көңіл, кіршіксіз сезім кейіпкердің сөзінен айқын танылады. Образ мінезін ашуда диалог ұтымды қолданылған [7, 333–334-б.]. Автор періште көңіл қыздың толғаныс үстіндегі портретін де, психологиясын да шебер жеткізген. Өкінішін де ашық білдіреді. Періштедей таза, баладай пәк еді-ау, қайран Гүлбану! деп келетін уәж Б. Майлиннің Шұға десе... Шұға еді-ау! деген сөзін еске салады. Автор мен Гүлбанудың бірге болуына мүмкіндік берілмеуі – тағдыр жазуы. «Қазақ, күзетшісі» деген жасырын ұйымға мүше болдың деп оқу бітірген өрімдей жас қызды алыс ауданға барып, үш жыл бала оқытуға жаза кеседі. Автор мен қызға бұл жағдай оңай тимеген. Жігерлі жас жігіт Гүлбануға үйленемін деп шешім қабылдап, жазадан алып қаламын деп әрекеттенеді. Оқу-ағарту назаратына барып, мектеп істері жөніндегі орынбасар, жалғыз қазақ Құсайын Сиябаевқа екеулеп бар жағдайын айтады.

Романда образ жасаудың бір жолы осылай өріледі: тағдырлы оқиғаның қысқа да шымыр өрбуі; ішкі жан-дүниесіне салмақ түсіп, ширыққан кейіпкердің мүлде басқа қырымен көрінуі сенімді шыққан. Жаны таза Гүлбану ширыққанда, тағдырын тас талқан еткен өкімет қызметкеріне өткір сөйлейді. Адамдықты аяққа басып, мәнаптың құлы болғанды сынайды. Олардың кейінгі жолы екіге бөлінген. Сағынышқа айналған Гүлбану жазушының «Соңғы көш» романындағы Гүлжиһан образына айналған. Арада отыз жыл салып, автор Шыңжанға барғанында, оны тағы іздестіреді. Алайда тағдыр олардың ендігі көрісуіне жазбаған екен. Екі-үш жыл бұрын қайтыс болыпты. Жазушы оның құрбысы Қадишамен кездескенде, ауруханада нашарлап жатқан кезінде де, авторды есінен шығармағанын, «Соңғы көштің» журналдық нұсқасынан өзі туралы тарауды оқып, соны аузынан тастамағанын айтады.

Жазықсыз адамдардың түбіне жеткен зұлмат саясат, туған жерден еріксіз ысырған «қытайландыру» лаңы, дағдарған қазақ жұрты – қай жерде болмасын империялық озбырлықтың еш айырмасы жоғын білдіреді. Шығармада ұйғыр халқының тұрмыс-тіршілігі біршама кеңінен суреттелген. Ұлт азаттығын аңсаған азаматтар да, бас пайдасынан аса алмаған сатқындар да бейнеленеді.

Автордың көркемдік концепциясын түсінуде туындыға кешенді көзқараспен келіп, жеке әдісті, стильді, автордың дүниетанымын, типтеу принциптерін, шығарманың жанрлық ерекшелігін зерттеу қарастырылады [15, 80-б.]. «Таңғажайып дүние» шығармасының бұл ретте жетістігі мол. Қаламы қарымды, тәжірибесі көп жазушы өмірінің әр кезеңін тартымды суреттей білген. Баяндау барысында әр алуан

көркемдік әдісті шебер пайдаланған. Қыр қазағының кесек, ірі мінездері танылады. Тіл бояуы көркем.

Н. Ақыш автор туындысын жазу барысында пішіндік немесе композициялық тұрғыдан соны соқпақ іздемегенін айтады. Белгілі бір көзқарастар тұрғысынан алып қарағанда, шаблонға айналған формада жазылған шығарманың оқырманды қызықтыратын жағы, сөз жоқ, оның мазмұны, келтірілген деректері мен фактілері, ұсынатын идеяларының ауқымдылығы, философиялық түйіндеулері мен тілдік қолданысы болғанына назар аударады [4, 116-б.]. Р. Зайкенова өмірлік бай тәжірибе мен суреткерлік диапазон кеңдігі ғұмырнамалық шығарманы биікке көтергенін бағалайды [16].

### **Қорытынды**

Тәуелсіздік кезеңінде жазылған Ә. Нұршайықовтың, М. Мағауинның, Қ. Жұмаділовтің ғұмырнамалық шығармалары сөз өнеріндегі жаңа бір арнаның бастауы болды. Әдетте мемуарлық туындылар белгілі бір қоғамда даңққа бөленген тұлғалар туралы жазылып, өмірлік дерекке қатаң бағынып жатса, қаламгерлердің шығармалары жанрлық-стильдік, көркемдік тұрғыдан өзгешеленіп жатты. Өмірбаяндық сипат, деректілік сақталғанмен, шығармашылық қиялға, өзі куә болған оқиғаны өрістете баяндауға мүмкіндік берілді. Туған жер табиғаты мен өскен ортасы кеңінен суреттелді. Өміріне қатысты аяулы адамдардың портреті жасалып, мінезделді, оқиға барысында характер дараланып, диалогке көңіл аударылды. Тұтастай алғанда, жазушылардың қаламынан туындаған ғұмырнамалық шығармалардың әдеби сипаты басым болды. Бұл ерекшелік мақала объектісіне айналған Қ. Жұмаділовтің туындысында ерекше көрініс берген. Сондықтан шығарма каншалықты көлемді болғанмен, тартымды оқылады.

Ғұмырнамалық туындыда кеңістік пен уақыт автор өміріне қатысты өріледі. Сондықтан мұндай шығармалар көп желілі болмайды. Сюжетті құраушы – автор. Сондықтан романда автор өмірінің маңызды кезеңіне кеңірек орын берілсе, кей тұсы қысқа қайырылады. Қ. Жұмаділов туындысында өмірдің екі ірі кезеңі айрықша көрініс берген. Біріншісі – Қытайдағы қазақтың тұрмыс-тіршілігі болса, екіншісі – елге оралғаннан кейінгі жазушылықпен белсенді араласқан уақыты. Бір бүтінді құрайтын екі арна – автордың бүкіл өмірін, күрес жолын, мақсат-мұратын қамтыған. Авторлық концепция осы суреткерлік мақсат-мұратқа бағындырылған. Қытай жеріндегі қазақ жұртының тұрмыс-тіршілігін, басына түскен ауырпалығын боямасыз бейнелеп, бүгінгі ұрпаққа аманаттау – басты борышына айналған. Ғұмырнамалық романның екінші маңызды сипаты – автордың шығармашылық лабораториясының, өзі өмір кешкен жазушылық ортасының кеңінен суреттелуі. Субъективтілігі басым бұл тұстың оқырманға

ұсынар мағлұматы мол. Автордың жанкешті еңбегі, мінезі, ішкі қайсарлығы бейтарап қалдырмайды.

Романдағы тұлға концепциясы – қазақы мінез, ұлттық болмыс әспеттеледі. Залым саясаттың кесірінен қаншама қиындықты бастан кешсе де, рухы сынбаған, мың өліп, мың тірілген қазақ қалпы бейнеленеді.

### Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Чекунова, А. Е.** Русское мемуарное наследие второй половины XVII–XVIII вв. [Текст] / А. Е. Чекунова // Моск. отд-ние Рос. науч. фонда. – М. : Рос. унив. изд-во, 1995. – 134 с.

2 **Тартаковский, А. Г.** Русская мемуаристика XVIII – первой половины XIX в. [Текст] / А. Г. Тартаковский. – М. : Наука, 1991. – 288 с.

3 **Гаранин, Л. Я.** Мемуарный жанр в советской литературе [Текст] / Л. Я. Гаранин // Наука и техника. – Минск, 1986. – 222 с.

4 **Ақыш, Н. Б.** Қазақ мемуарлық романы : Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. авторефераты. 10.01.02 мамандығы бойынша [Текст] / Н. Б. Ақыш. – Алматы, 2009. – 46-б.

5 **Мажарина, Ю. Н.** Мемуары как вид публицистического творчества [Текст] / Ю. Н. Мажарина // Вестник ВГУ. Серия: Филология. Журналистика. – 2011. – №2

6 **Жолмаханова, А. Б.** Мемуардың жанрлық ерекшелігі [Мәтін] / А. Б. Жолмаханова, Х. Ч. Касапоглу // Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Хабаршысы. – 2019. – № 2 (53).

7 **Жұмаділов, Қ.** Таңғажайып дүние : Ғұмырнамалық роман [Мәтін] / Қ. Жұмаділов. – Алматы : Мерей баспасы, 2020. – 648-б.

8 **Қирабаев, С.** Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет [Мәтін] / С. Қирабаев. – Алматы : Ғылым ғылыми баспа орталығы, 2001. – 448-б.

9 **Goksen, A.** Personality and Individual Differences : Literature in Psychology. Psychology in Literature // Procedia – Social and Behavioral Science. – 2015. – 250 – 257 p.

10 **Некрасова, И.** Система субъектов речи в прозе В. Шаламова. Образ автора (теоретический аспект проблемы) / И. Некрасова [Электронный ресурс]. – URL: <https://shalamov.ru/research/158/4.html>.

11 **Тарази, Ә.** Көркемдік құпиясы [Мәтін] / Ә. Тарази, Л. Мұсалы. – Алматы : Санат, 2000. – 240-б.

12 **Хализев, В. Е.** Теория литературы : Учебник [Текст] / В. Е. Хализев. – М. : Высш. шк., 2004. – 405 с.

13 **Нұрғали, Р.** Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры : Зерттеу [Мәтін] / Р. Нұрғали. – Астана : Күлтегін баспасы. 2002. – 528-б.

14 **Солтанаева, Е. М.** Қалихан Ысқақ шығармашылығындағы портрет поэтикасы [Мәтін] / Е. М. Солтанаева // Керуен ғылыми журналы. – 2022. – №1 (74). – 170–179-б.

15 **Жулинский, Н. Г.** Человек в литературе. Общественные ценности и проблемы художественного характера [Текст] / Н. Г. Жулинский. – Киев, 1983. – 80 с.

16 **Зайкенова, Р.** Қарасөз дарабозы [Мәтін] / Р. Зайкенова // Егемен Қазақстан. – 2011, 23 сәуір.

## References

1 **Chekunova, A. E.** Russkoe memuarное nasledie vtoroj poloviny` XVII–XVIII vv. [Russian memoir of the XVII–XVIII]. – Moscow : Russian University Publishing House, 1995. – 134 p. [in Russian].

2 **Tartakovsky, A. G.** Russkaya memuaristika XVIII – pervoj poloviny` XIX v. [Russian memoirs XVIII – first half of the XIX century]. – Moscow : Nauka, 1991. – 288 p. [in Russian].

3 **Garanin, L. Ya.** Memuarny`j zhanr v sovetskoj literature [Memoir genre in Soviet literature]. – Minsk : Science and technology, 1986. – 222 p [in Russian].

4 **Akish, N. B.** Kazak memuarlyk romany [Kazakh memoir novel] : diss prepared for the degree of Doctor of Philological Sciences abstract. Specialty 10.01.02 / N.B. Akish. – Almaty, 2009. – 46 p. [in Russian].

5 **Mazharina, Yu. N.** Memuary kak vid publicisticheskogo tvorchestva [Memoirs as a kind of journalistic creativity] / Yu. N. Mazharina // VSU Bulletin. Series: Philology. Journalism. – 2011. – №2 [in Russian].

6 **Zholmakhanova, A. B.** Memuardyn zhanrlyk ereksheligi [Genre specifics of the memoir] / A. B. Zholmakhanova, H. Ch. Kasapoglu // Bulletin of Korkyt Ata. Kyzylorda State University – 2019. – № 2 (53) [in Kazakh].

7 **Zhumadilov, K.** Tangazhaiyp dunie : Gumyrnamalyk roman [Amazing world: a biographical novel] / K. Zhumadilov. – Almaty : Merey publishing house, 2020. – 648 p. [in Kazakh].

8 **Kirabaev, S.** Ult taulsizdigi zhane adebiet [Independence of the nation and literature]. – Almaty : Scientific publishing center Gylym, 2001. – 448 p. [in Kazakh].

9 **Goksen, A.** Personality and Individual Differences : Literature in Psychology- Psychology in Literature // Procedia – Social and Behavioral Science. – 2015. – 250–257 p. [in English].

10 **Nekrasova, I.** Sistema sub`ektov rechi v proze V. Shalamova. Obraz avtora (teoreticheskij aspekt problemy) [System of subjects in prose V. Shalamova. Author of the image (problem of theoretical aspect)] [Electronical recourse]. – URL: <https://shalamov.ru/research/158/4.html> [in Russian].

11 **Tarazi, A.** Korkemdik kupiyasy [Artistic mystery] / A. Tarazi, L. Musaly. – Almaty : Sanat, 2000. – 240 p. [in Kazakh].

12 **Halizeev, V. E.** Teoriya literatury [Theory of literature: Textbook] / V. E. Halizeev. – Moscow : Vysshaya shkola, 2004. – 405 p.

13 **Nurgali, R.** Kazak adebietinin altyn gasyry. Zertteu [The Golden Age of Kazakh literature. Research]. – Astana : Kultegin, 2002. – 528 p. [in Kazakh].

14 **Soltanaeva, E. M.** Kalihan Yskak shygarmashylygyndagy portret poetikasy [Portrait poetics in the work of Kalikhan Iskak] / E. M. Soltanaeva // Keruen. – 2022. – № 1 (74). – P. 170–179 [in Kazakh].

15 **Zhulinsky, N. G.** Chelovek v literature. Obshestvennye cennosti i problem hudozhestvennogo haraktera [A man in literature. Social values and problems of an artistic nature] / N. G. Zhulinsky. – Kiev, 1983 – 80 p.

16 **Zaykenova, R.** Karasoz daraboz [Master of the word] / R. Zaykenova // Egemen Kazakhstan. – 2011, April 23 [in Kazakh].

28.09.23 ж. баспаға түсті.

07.12.23 ж. түзетулерімен түсті.

03.06.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

\*У. Саменқызы, Р. С. Тұрысбек

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,  
Республика Казахстан, г. Астана.

Поступило в редакцию 28.09.23.

Поступило с исправлениями 07.12.23.

Принято в печать 03.06.24.

## **ЖАНРОВАЯ ПРИРОДА И АВТОРСКАЯ КОНЦЕПЦИЯ РОМАНА ПИСАТЕЛЯ К. ЖУМАДИЛОВА «УДИВИТЕЛЬНЫЙ МИР»**

*В период независимости написание романов стало популярным. Одна из главных причин – это устранение «Красной цензуры» и открытие пути к творческой свободе. В настоящее время востребованы остро мыслящие произведения, наполненные реалиями. Пример – роман писателя К. Жумадилова «Удивительный мир». Мы знаем, что главной характеристикой произведения является не голое описание жизни писателя, а художественное изображение острых проблем действительности эпохи с участием автора. Жизненный путь автора богат и сложен. Жизнь, пережитая казахами Китая, политические условия и репрессии, их стремления к родной земле, их процесс перехода на родину, начало которого – присутствие будущего*

*писателя, обогатили тематико-идейное содержание романа. В мемуарном романе также широко описывается становление, окружение, творческая лаборатория автора как писателя в советское время. В произведении сохранены жанровые черты мемуарной прозы. Острота источникового, субъективного подхода, развитие сюжетных полей, связанных с биографией писателя, художественность и языковое богатство авторского повествования, обилие этнографических проявлений повысили познавательно-эстетическую оценку произведения. В жизненном романе проявляется своеобразие создания личности. Главный герой – автор. Познанием, видением автора создаются и другие персонажи мемуарного романа. В то время как какой-то образ изображается с любовью автора, в исполнении какого-то персонажа наблюдается сатирический характер. Образы, сплетенные из самой жизни, разнообразны, являются хозяевами разных судеб. В них прослеживается казахская манера поведения и юмор. Дыхание времени и жизненные реалии, красивая природа родной земли искусно изображены. В статье наряду с такими художественно-жанровыми особенностями жизненного романа рассматривается концепция автора, личности.*

*Ключевые слова: биографический роман, образ автора, реальность времени, авторский подход, стиль.*

*\*U. Samenkyzy, R. S. Turysbek*

L. N. Gumilyov Eurasian National University,  
Republic of Kazakhstan, Astana.

Received 28.09.23.

Received in revised form 07.12.23.

Accepted for publication 03.06.24.

## **NATURE AND AUTHOR'S CONCEPT OF THE BIOGRAPHICAL NOVEL «AMAZING WORLD» BY WRITER K. ZHUMADILOV**

*During the period of independence, biographical novels began widely written. The main reason for this was the freedom of creativity. Unilateral censorship under «Socialist realism» was abolished. In history, the Soviet government has accompanied numerous social changes and kindness, violence, and injustice of the Kazakh people. There was no opportunity to speak openly, freely write the truth about what the writer had experienced in his life, about what he experienced, being a witness of the time when he was dominated by a false ideology. Changing society has changed the*

*reader's taste. Plausible life works were in demand among the reader. For example, novel «The Amazing World» of K. Zhumadilov. The main characteristic of the work is not a bare description of the writer's life, but an artistic reflection of the reality of the era with the participation of the author. The writer's life path is rich and complex. The life of the Chinese Kazakhs, the political circumstances and repressions experienced, their relocation to their homeland, where they longed for their homeland, the presence of the author next to them enriched the content of the novel. The author examines the originality and style of writing the image, the author's approach, and attitude to reality in a life-narrative novel.*

*Keywords: biographical work, the image of the author, the reality of time, the author's view, style.*

Теруге 03.06.2024 ж. жіберілді. Басуға 28.06.2024 ж. қол қойылды.

Электронды басылым

2,57 МБ RAM

Шартты баспа табағы 27,16. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, Нугманова М. М.

Тапсырыс № 4242

Сдано в набор 03.06.2024 г. Подписано в печать 28.06.2024 г.

Электронное издание

2,57 МБ RAM

Усл. печ. л. 27,16. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4242

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)